Дәріс 3

Түркі және қазақ философиясы

Дәріс мақсаты

Түркі және қазақ философиясының қалыптасу тарихын, дүниетанымдық негіздерін, негізгі өкілдері мен идеяларын талдау

Дәріс жоспары

1 Түркі философиясының қалыптасуы мен дамуы

2 Түркі философиясы — қазақ философиясының түп негізі

3 Қазақ философиясының бастаулары

Түркі философиясының қалыптасуы

Тәңірі

Аспанмен шектелмей, әлемнің тәртібін, адам тағдыры мен қоғамдық үйлесімділікті білдірген ұғым

Табиғатпен үйлесім

Адам табиғаттан бөлек емес: міндеті — әлемнің табиғи тәртібін бұзбай өмір сүру

Орхон-Енисей жазбалары

Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк: ел бірлігі, халық тағдыры, билеушінің жауапкершілігі

Негізгі ұғымдар: елдік, бірлік, ерлік, намыс, адалдық





Түркі философиясы — қазақ философиясының түп негізі

Әбу Насыр әл-Фараби

- Отырар өңірінде туған ұлы ойшыл
- Бақыт — білім, ақыл-парасат және ізгі әрекет арқылы қалыптасады
- «Қайырымды қала»: ортақ игілікке ұмтылған қоғам, әділ әрі білімді басқарушы



Жүсіп Баласағұни

- «Құтадғу білік» (XI ғасыр) — саяси-этикалық ой ескерткіші
- Мемлекет басқару, әділет, ақыл, білім, қанағат
- Білімсіз билік қоғамды әлсіретеді; идея «елге қызмет ету» түсінігімен сабақтас



Қазақ философиясының бастаулары

Ерекшелігі

- Түркілік дүниетанымның тарихи жалғасы
- Ауыз әдебиетімен, салт-дәстүрмен тығыз байланыс
- Ой мақал-мәтел, шешендік сөз, жыр арқылы айтылады

Асан Қайғы және Жерұйық

- Жерұйық — соғыссыз, қайғысыз, әділетті өмір сүретін кеңістік
- Бүкіл халықтың болашағы туралы ой
- Әлеуметтік утопия элементтері

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар»



XV–XVIII ғасырлар: жыраулар философиясы

Қазтуған · Доспамбет · Шалкиіз · Ақтамберді · Бұқар жырау

- Адамның қадірі байлығымен емес, ерлігімен, адамгершілігімен, елге адалдығымен өлшенді
- Ел бірлігін сақтау, туған жерді қорғау, ұрпақ алдындағы жауапкершілік
- Бұқар жырау билеушіге кеңес беріп, ел бірлігі мен тұрақтылығына шақырды



XIX ғасыр: ағартушылар мен Абай

Шоқан Уәлиханов

Қазақ қоғамын ғылыми зерттеді; халықтың дамуы үшін ғылым мен білім қажет деп білді



Ыбырай Алтынсарин

Негізгі идеялары: білім, еңбек, адамгершілік; жаңа білім мәдениетінің қалыптасуына ықпал етті



Абай Құнанбайұлы

«Толық адам» — ақылын, жүрегін және қайратын үйлестірген, білімге ұмтылған, әділ тұлға. Қоғамды өзгертудің негізі — өзін-өзі тәрбиелеу. Басты жау: надандық, жалқаулық, мақтаншақтық, өтірік, күншілдік.



Қорытынды

- Жыраулар — елдік пен ерлік
- Билер — әділет пен бірлік
- Ағартушылар — білім мен еңбек
- Абай — адамгершілік пен рухани кемелдік

Бұл философия адамды табиғаттан, қоғамнан және рухани құндылықтардан бөлмейді; жаһандану заманында оның маңызы арта түседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Летопись тюркской цивилизации. Том 2. Тюркский мир в XIII–XVII вв
2025. Ұжымдық ғылыми монография · Барнаул: Алтай университетінің басп
2. Ғабитовт.Х. Қазақ философиясының тарихы: оқу құрАлматы.,2022.
3. ХасановМ. ПетроваВ.ДжамбаевБ. ФилософияА.,2014ж
4. ҒабитовТ. Х. ҚазақтанұтарихфилософиясыАлматы., 2022. 314 бет
5. БегалиновК.К., АльжановаУ.К. Философия, II том Алматы,2010
6. АташБ.М. Философия,Алматы,2014
7. Ғабитовт.Х. Философия Алматы,2022
8. Грядовой Д.И.Философия. М.,2012